

Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданының мәслихатының 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 140 шешімі. Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 ақпанда № 9-14-101 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 182 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2009.04.21 № 182 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV ҚРЗ "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) әрекетке енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына, Қостанай ауданы бойынша салық басқармасының 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 39-08-ӨеТБ/329 хатына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты

ШЕШТІ:

1. Бір жолғы талондар бойынша келесі ставкалар белгіленсін:

Рет саны	Қызмет түрлері	Ең аз есептік көрсеткіштен талондардың пайыздық құны	
		нарықтың 2-санаты	нарық сыртында
1.	Өткізу (жабық бөлімдерде іске асырылатын қызметтен басқалары):		
1)	газет және журналдарды;	6,4	6,4
2)	тұқымдарды, сондай-ақ отырғызылатын материалдарды (екпелер, көшеттер);	6,4	6,4
3)	бақша дақылдарын;	11,9	11,9
4)	саяжай мен үй айналасында өсірілген жанды гүлдерді;	6,4	6,4
5)	қосалқы шаруашылық өнімдерін	19,7	19,7
6)	бау-бақша, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін	11,9	11,9
2.	Жер учаскелерін өңдеу бойынша жеке трактор иелерінің қызметтері		15,8
3.	Мал және құс азықтарын өткізу	4,0	4,0
4.	Сыпыртқы, сыпырғышты өткізу	4,0	4,0
5.	Орман жидегін, саңырауқұлақтарды, балды, балықты өткізу	6,4	6,4

2. Осы шешім баспасөзде алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Қостанай аудандық мәслихатының 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 152 " Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2003 жылғы 8 қаңтарда 1962 нөмірімен тіркелген, 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 3 "Көзқарас-Взгляд" газетінде жарияланды), 2006 жылғы 27 шілдедегі № 327 "Қостанай аудандық мәслихатының 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 152 "Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2006 жылғы 18 тамызда 9-14-44 нөмірімен тіркелген, 2006 жылғы 25 тамыздағы № 33 "Көзқарас-Взгляд" газетінде жарияланды) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

	<i>Қ о с т а н а й</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>	
	<i>м ә с л и х а т ы н ы ң</i>	<i>к е з е к т е н</i>	<i>т ы с</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>С. Есментаев</i>		
	<i>Қ о с т а н а й</i>	<i>а у д а н д ы қ</i>	
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Н. Төлепов</i>		